




Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Қажымұқаның белдігі

Қазақтан шыққан алғашқы кәсіпқой палуан, орасан қүштің иесі, 54 мемлекетте құреске түсіп, 48 медаль олжалаған, құрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған Қажымұқанды білмейтін адам жоқ шығар. Алып атамыздың кіндік қаны тамған жері елорданың іргесінде тұр. Бірақ палуан өмірінің көп бөлігін онтүстік өнірде өткізіп, ақырын топырақ сол өлкедегі Темірлан ауылынан бұйырды.



Кезінде аты аңызға айналған азаматтың өмірі жолы жайында көптеген жазушылар қалам тербеді. Ал алып тұлғадан қалған жәдігерлер бар ма? Эрине, ол да жетерлік екен. Жақында бас шаһардағы Ұлттық музейдің тарих залынан Қажымұқан атамыз таққан белдікті көріп, оның өзін көргендей әсер алдық. Күміспен күптелген белдік ерекше көз тартады. Нақыштары да әсем. Музей қызметкери Ләйла Ноғайбекқызының айтудынша, бұл жәдігер 2002 жылы Онтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Темірлан елдімекенінде орналасқан Қажымұқан атындағы облыстық спорт мұражайына спортшы,

жазушы Әлімкұл Бұркітбаевтан 1 200 000 теңгеге сатып алынған. Ә.Бұркітбаев оны Санкт-Петербургте өткен спорттық трофейлердің аукционынан сатып алыпты. Сөйтіп, бұгінде асыл ерден қалған мұра елорданың төрінде тұр.



Бір ғажабы, мұражайда палуанның белдікпен қоса тағы басқа да заттары бар екен. Атап айтқанда, музейде Варшава мұсылмандарының Қ.Мұңайтпасұлына сыйға тартқан медалі, жеке төлкүжаты және дәрі сақтайтын ыдысы сақталған.



Ал баһадүр бабамыздың емдік шөптер салуға арналған темір ыдысының пішіні цилиндр тәрізді жасалған, жеке жабылатын қақпақшасы бар. Үйдіс өсімдік тәрізді оюлармен өрнектелген. Оның екі жағындағы сыртқы бетінде араб графикасымен «Балишифа» ал екінші жағында «Алқақни» деп ойылып жазылған. «Балишифа» (шифа) сөзі – шипа ем, дәрумен деген мағынаны берсе, «алқақни» сөзі – ыдыс дегенді білдіреді.

Бір сөзбен айтқанда, ұлт тарихынан сыр шертетін музейге бара қалсаңыз, Қажымұқан атамыздан қалған жәдігерлерді көрмей кетпеніз.